



# ӨНЕР ТАРИХЫ

## Ежелгі Мысыр өнері





Мысыр мәдениеті дегенде ең алдымен ойымызға не түседі? Әрине фараон, пирамида, сонымен қатар көптеген бітпейтін құдайлар көз алдымызға елестейді. Бұл Мысыр мәдениетінің ең алғашқы танымы. Расымен Мысыр мәдениеті бір ғана фараон билігін ұлықтау негізінде қалыптасқан болатын. Ал, фараон өз билігін қалай құрды? Әрине, ол сол көптеген құдайларды ұлықтау арқылы, өзін құдайдың тікелей ұлы, құдайдың мұрагері ретінде таныстыру арқылы жалғастырған болатын. Мысыр өркениетінде әрбір құдай белгілі бір қызмет атқарып отырды. Бұл тұрғыда Осирис ең алғашқы фараон ретінде, фараондарды жебеуші құдай ретінде танымал болды.

Осирис туралы мифке қысқаша тоқталатын болсақ, ол өзінің қарындасы Исидіге үйленіп, жер бетінде шексіз билік жүргізген болатын. Ал, оның інісі яғни, бауыры Сет Осиристен өзінің көрсекызарлығымен, іштарлығымен ерекшеленетін. Оның әу бастағы қызметі жерасты әлемін билеу болатын. Өзінің іштарлығынан, көрсекызарлығынан ол бауырына қарсы шығып, әйтеуір мезгілі жеткенде Осиристі өлтіреді. Кейбір деректерде ол Осириске керемет, өте әсем саркофаг сыйлап, ағасын соған жатқызуға көндіріп, кейіннен сол саркофагтің аузын құлыптап, теңізге лақтырып жіберген деген де болжамдар айтады. Ал, тағы бір мифологиялық деректерде ол Осиристің денесін бөлшектеп, бүкіл Мысыр территориясына бөліп көміп тастаған дейді. Кейіннен Осиристің ұлы Гор әкесінің денесін жинап, өзінің көзін Осириске беру арқылы оны қайта жандандырады. Нақ осы Осирис туралы миф жалпы Мысыр мәдениетіндегі өмір, осы өмірден кейін жалғасатын мәңгілік өмір жайлы ұғымды айқынырақ аша түседі.

Мысыр мәдениеті 3000 жылға созылған ұзақ уақыт бойы, бір территорияда еш өзгеріске түспей қалыптасса да негізінде канондық ережелік сипатын қатаң ұстанған болатын. Өзгермеуінің бір себебі, қалыптасқан заң бойынша жүруінде болатын. Адамдарды мысырлықтар бір заңдылық бойынша салып келді. Оның басы, аяғы қырынан, ал көзі мен иығы алдынан қараған күйі салынатын. Байқасақ ежелгі, кейінгі кезеңдерінде де осы қағида сақталып отырды. Мысырлықтар неге бұлай салды? Олар адамдарды созылыңқы етіп көрсетті. Статикалық мызғымас қозғалыста берді. Олар адамдардың бұл дүниедегі сипатын емес, о дүниедегі кескінін берген болатын. Сондықтан да Мысырлық кез келген өнер туындысы эмоциясыз, ешқандай әсерсіз бейнеленді. Ракурсты таңдағанда да адам қай жағынан қарағанда сұлу көрінеді, сол жағынан бейнелеуге тырысты. Аяқты неге қырынан салды? Өйткені аяқты алдынан салса, ол кесіліп қалған секілді әсер қалдыратын. Сондықтан да аяқты толық жеткізу үшін оны қырынан, көз алдынан қараған кезде ғана әдемі, қырынан қарағанда тартымсыз, сол себепті бас қырынан болса да көзді тек алдынан бейнеледі. Осылайша, Мысыр мәдениеті, бейнелеу өнері өзіндік ерекше тұстарымен қызықтыра түсті.

Мысыр өркениеті даму барысында 32 династия билік құрып, Мысыр мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы осы династиялардың шеңберінде айқындалған болатын. Мысыр мәдениетінің дамуына, хронологиялық ерекшелігіне назар аударып өтейік. Бірінші династиялыққа дейінгі кезең, екінші ежелгі патшалық. Енді бұдан кейін патшалық деп айтамыз. Өйткені Мысыр мәдениетінің дамуы әрбір патшалыққа тәуелді болғанын жаңа айтып кеттік. Ерте патшалық, одан кейін Ежелгі патшалық, Орта патшалық, Жаңа патшалық және ең соңғысы Кешеуіл патшалық болады.

Династиялыққа дейінгі кезеңге тоқталатын болсақ, бұл Мысыр тарихында орын алған алғашқы Мысыр перғауындарының мемлекет құру қағидаларымен байланысты болды. Бұл орайда барлық өнер зерттеушілері ең алғашқы табылған артефакт Нармер тақтасына тоқталады. Бүгінгі күні Каир мұражайында сақталған Нармер тақтасының биіктігі небәрі 64 см ғана. Оның алдыңғы беті төрт бөліктен тұрады. Ең жоғарғы бөлігінде Хаткор құдай анасы бейнеленген. Сәл төменірек көз жүгіртетін болсақ, сәл үлкенірек фигураны байқаймыз. Мысыр өркениетінде перғауынды маңайындағы басқа адамдардан көлемін сәл үлкенірек етіп бейнелеу қалыптасқан болатын. Оған басқалармен тең болуға болмайды. Ең басты кейіпкер болғандықтан міндетті түрде үлкенірек етіп көрсетілетін болған, яғни осы жерде үлкен фигура Нармер патша өзі жеңген халықтың адамдарын құл ретінде алдына салып айдап бара жатыр. Ал, астынан мойындары ұзыннан созылған бір фантастикалық екі жануарды көреміз. Байқап қарасақ, олардың мойындары бір-бірімен байланысып айқасып кеткен. Мұндай жанурларды серпапард деп атайды. Серпапардтар жоғарғы және төменгі Мысырдың символдық белгісі ретінде белгілі. Нармер патша өз заманында осы серпапардтарды мойнына құрық салып билеу арқылы Төменгі және Жоғарғы патшалықты өз игілігіне бағындырғанын көрсеткісі келген болатын. Шифердің



алдыңғы бөлігі болсын, артқы бөлігі болсын, осындай Нармерді ұлықтаумен байланысты болған болатын.

Енді Ерте патшалық кезеңіне тоқталайық. Үшінші династияның таққа келуімен Ерте патшалық уақыты да басталған болатын. Оның жетекші өкілі Джосер перғауын болды. Джосер таққа отырған сәттен бастап-ақ өзінің о дүниелік сапарына дайындығына кіріседі. Осы мақсатта ол Саккара алқабынан о дүниелік тұрағы, мекені боларлықтай құрылыс салуды ойластырады. Бұл құрылысқа жетекшілік етуді сол кездің ең дана, данышпан саналған тұлғаларының бірі Имхотепке тапсырады. Имхотеп тарихтан білеміз тек қана сәулет өнерін емес, сонымен қатар әртүрлі ғылымдарды терең меңгерген, жан-жақты керемет тұлға болған. Имхотеп осы құрылыстың ерекше болуын ойластыру барысында, сол кездегі Мысыр мәдениетінде кеңірек қалыптасқан мастаба формасын алады.

Мастаба дегеніміз формасы трапецияға ұқсас, төбесі кесілген пирамида секілді қарапайым пішінді құрылыс. Мысырлықтардың үйлері осындай құрылыс пішінінде болған екен. Кейіннен олар өздерінің зираттарын да осы пішінде сала бастайды. Тек ерекшелігі мұндай құрылыс жер бетіндегі бөлігінде ғибадатхана қызметін атқарса, жер астынан отыз метр, кейде жиырма сегіз метр тереңдікте перғауынның жерлеу камерасы орналасқан болатын. Мұндай камералардың өте тереңде орналасуы перғауынның денесін мумиялаумен және оны бүкіл қазына мүлкімен жерлеу салтымен байланысты болды.

Имхотеп өте ауқымды, үлкен көлемді мастаба жасады. Бірақ, ол мастаба жайдақ, жәй төбе секілді әсер қалдырған болатын. Ешқандай монументалдық әсері, сипаты болмады. Құрылысқа монументалды сипат беру үшін енді Имхотеп мастабаның үстіне одан көлемі сәл ғана кішірек тағы біреуін, оның үстінен одан кішірек үшіншісін, осылайша бірінің үстіне бірін қою арқылы сатылы пирамиданың алғашқы авторына айналады. Сатылы пирамида тарихтан көріп, қабылдап үйренген мінсіз пирамидалардың ең алғашқы үлгісі. Саты формасының өзі ежелгі мысырлықтарды санасында қалыптасқан жоғары қарай көтерілу, өрлеу, құдайға қарай жақындау деген ұғыммен, түсінікпен байланысты болды. Сатылы пирамиданың биіктігі 60 м-ден асатын.

Жерлеу культіне келер болсақ, мысырлықтар перғауынды жерлеу барысында оған үлкен дайындық жүргізетін болған. Алғашқы кезеңдерде, әсіресе осы ерте патшалық тұсында перғауынды жерлеген кезде ол өлді деп санамаған. Ол мәңгілік сапарына аттанды деп санаған. Мәңгілік сапарында, о дүниелік өмірінде не істейді? Әрине, ол осы дүниедегі өмірін жалғастырады. Сондықтан да оның қасына өзінің жақсы көретін итін, мысығын, сонымен қатар әйелін, отбасының кейбір мүшелері мен құлдарын қоса жерлейтін болған. Перғауын о дүниеде еш нәрсеге мұқтаж болмау керек деп ойлаған. Сондықтан да көмекшілері перғауынмен бірге о дүниеге аттану керек деп түсінді. Әрине кейінгі патшалықтарда мұндай шығындар болмайды. Мысырлықтар адам шығынын жасаудың ауырлығын түсініп, оның орнын басқа дүниелермен толықтырады.

Джосер пирамидасы Саккара алқабындағы біздің заманымызға дейін мызғымай жеткен алып, монументалды құрылыс. Пирамида формасы мінсіз. Оның төрт қыры дүниенің төрт бұрышына қаратылып, табаны мызғымай орнығып, ұшар басында көкке қарай өрлеп, үшкірлене жасалған болатын. Джосер пирамидасы алғашқы пирамиданың үлгісі бола отырып, кейінгі патшалықтарда жалғасын, мінсіз шешімін тапқан пирамидаларға бастама болды.

Шамамен IV династияның таққа келуіне байланысты жаңа патшалық құрылады. Бұл патшалық Мысыр мәдениеті мен өнеріндегі келесі бір кезеңнің қалыптасып дамуына жағдай жасады. Ол Ежелгі патшалық. Ежелгі патшалық ауқатты, өте үлкен көлемді алып, монументалды құрылыстарымен ерекшеленген болатын. Әлемнің жеті кереметінің бірі, бүкіл Мысыр өнері мәдениетінің екі мыңжылдық куәгері үш алып пирамида болды. Олар Хеопс, Хефрен және Микерин. Үш алып пирамида Саккара жазықтығында емес, енді Каир маңындағы Гиза жазықтығында орналасты. Олардың бірінен кейін бірінің орналасуында да өз тәртібі бойынша жүзеге асқан болатын. Енді ғибадатханалар ерте патшалық кезеңіндегідей мүрде салынған қайық қай жағаға барып тоқтаса, сол жерден емес, пирамиданың маңынан салынған болатын. Пирамидалар дүниенің төрт бұрышына қаратылып орнатылып, бірінен кейін бірі, бір тізбек құрып салынған болатын. Бірінші ең үлкен алып пирамида Хеопсты көреміз. Одан кейін Хефреннің пирамидасы орналасқан. Одан кейін немересі Мекерин пирамидасы орын алған. Үш пирамида



да бүгінгі күні мінсіз қырларымен, 147м-ден асатын алып биіктігімен, өз көрерменін, Мысырға келген саяхатшыларды таңғалдырады. Әрине, алғаш салынған уақытта бұл пирамидалар сыртқы беті өте жылтыр әсем, сонадайдан күнге шағылысып көрінетін болған. Өйткені оның сыртын тұтастай қабыршақтармен өңдеп шыққан болатын. Бұл пирамидалардың салыну құрылысы бүгінгі күнгі ғалымдар мен кез келген адамдар тарапынан қызығушылық тудырады. Ол қалай салынды? Оның тастары қайдан әкелінді? Гиза жазықтығында біздің білуімізше ешқандай тас карьері жоқ. Перғауындар тас блоктарын арнайы Асуан түбегінен алдыртып, осы Гиза жазықтығына тасымалдаған болатын. Бір пирамиданың құрылысына 3000-нан аса тас блоктары жұмсалды. Ең кіші деген әрбір тас блоктың салмағы шамамен 2 жарым тонна құрайды. Жалпы пирамиданың бүкіл салмағын есптеген ғалымдар, оның 50 мың тоннаға дейін жететінін атаған болатын. Пирамида құрылысы өте ұзақ уақытқа созылған, өте үлкен қаржылай шығынды талап ететін жоба болды. Сондықтан сол тастарды әкелу үшін пирамидаға баратын жолдың өзі он жылдан артық уақыт салынған болатын. Ал жеке пирамиданың құрылысы үшін 20–25 жыл уақыт пен мыңдаған құлдың өмірі құрбан болған еді. Пирамиданың ең астында, 30 м тереңдікте жерлеу камерасы орналасты. Бұл камераларға перғауындар өздерінің керек-жарағымен, асыл бұйымдарымен, мол мұрасымен жерленді.

Олардың құлдарын, отбасы мүшелерін перғауынмен бірге жерлеудің қажеті жоқ. Оның орнын өнер алмастырады. Адам шығыны азаяды. Иә, ол өнер түрі қабырғаға кескінделген сурет, мүсін түрінде көрініс табады. Тіпті перғауынның өзіне ол өлгеннен кейін оның мүсіншілері көптеген көшірме мүсіндерін жасайтын болған. Мызғымас, әсерсіз, ешқандай көңіл күйсіз бейнеленген Мысыр мүсіндері өзінің қатаңдығымен, қаттылығымен ерекшеленеді. Перғауынның көшірмесі саналатын мұндай мүсіндер оның портреттік бейнесінен, келбеттік ұқсастығынан ешқандай ауытқымау керек болатын. Өйткені о дүниеге аттанған перғауынның жаны белгілі бір уақыт өткеннен кейін өзінің мумиясына ана дүниеде қайта оралады деп сенген. Егер оның мумиясы әлдеқандай жағдайда сақталмай қалатын болса, ол сол көшірме жасалған кез келген мүсінге жаны орналасып, әрі қарай өмірін жалғастырады деп сенген болатын. Оның қарамағындағы қызметшілерді жерлеуде де дәл осы әдісті пайдаланады, яғни оның қызметшілерінің, сүйікті жануарларының да мүсіндері жасалынып, перғауынның камерасында бірге жерленетін болған. Перғауын өлгеннен кейін, жаны о дүниеге аттанып, сол жан орналасатын мүсіндерді «ка» деп атаған болатын. Мызғымас статикалық шешім тапқан мұндай мүсіндер тұрған немесе отырған күйі жасалатын. Әдетте патша тұқымы болса, олар таққа отырған күйі, арқаларын тақ арқалығына жапсырып, аятарын қосып, қолдарын тізелеріне қойған күйі бейнеленетін. Немесе патшалық билігі ретінде қолдарын кеудесіне қойып, айқастырып патшалық атрибуттарды ұстап бейнеленетін. Мүсіндердің ешқандай әсерсіз болуын, олардың о дүниеге аттанған адам екенін бейнелеу арқылы түсіндірген болатынбыз. Егер осы дүниеде өмір сүретін адам болса, онда оның бір көзін инкрустациялап, екінші көзін боямай жабық күйі қалдыратын. Ол адамның тірі екендігін білдірген. Ал өлген адамдар міндетті түрде екі көзі инкрустациялаған және де ағаштан, алебастрдан немесе әртүрлі тас материалдан орындалып, олар міндетті түрде сыртынан түрлі түске боялатын болған. Адамның бүгінгі кейпімен міндетті түрде ұқсастық табу қажет болды. Қазіргі кезде ғана олар бізге түссіз, реңсіз келді. Өйткені 3000 жыл бойғы тарих қойнауынан жеткен мүсіндер әрине бізге дейін сақталуы мүмкін емес еді. Мүсін өнері міндетті түрде адам бойымен бірдей «ка» деп аталатын, натуралистік статикалық сипат алатын, монументалды сәулет құрылысымен ғана емес, сонымен қатар алып монументалды мүсін өнерімен ерекшеленеді.

Біз Гиза жазықтығындағы үш пирамиданы тамашалаған кезде, міндетті түрде бір құбыжық мүсінге назарымыз ауады. Ол адам басты, арыстан денелі Хефрен сфинксі. Бет бейнесі Хефренс перғауынмен портреттік ұқсастық табатын сфинкстің биіктігі 20 метр, ал дене тұрқының ұзындығы 73 м-ге жететін. Мұндай алып мүсінді сол заманда қазіргі күнгі техника болмаса да қалай салғандығы әлі де бізді ойландыратыны анық.

Келесі назар аударатынымыз – орта патшалық кезеңі. Әрине, ерте патшалық үлкен, алып, монументалды құрылыстарымен есте қалды. Ал орта патшалық ше? Орта патшалықта қоғамда, саясатта үлкен шиеленістер болып, әлеуметтік тұрғыдан Мысыр мәдениеті, Мысыр патшалығы үлкен дағдарысқа түскен болатын. Енді Ежелгі патшалық тұсындағыдай мол қаржы жұмсап, үлкен монументалды құрылыстар салуды перғауынның қалтасы көтермейтін. Сондықтан да перғауындар енді өздерінің құрылыстарына ыңғайлы, орнықты жерлерді іздестіре бастайды.



Осы мақсатта билікке келген Ментухотеп бірінші өзінің қабір басы ескерткішін салдыру үшін, оның бір жинақ кешен болуын қарастырады. Бұрын ғибадатхана құрылысы бөлек, жерлеу пирамидасы қабірхана бөлек салынса, енді олар бірге санылып, кешен болу керек болатын. Осылайша құрылысты Дейр-эль-Бахри деген жерден салу жоспарланады. Дейр-эль-Бахри таулы-тасты жер. Сырттан артық материал тасудың еш қажеті жоқ. Оның үстіне астана енді Мемфистен Фив қаласына ауысты. Дейр-эль-Бахри Фивке біршама жақын орналасқан жер. Қатынаста қиындық тудырмайды. Ментухотептің жоспары бойынша осы таулы жартасты жерде үлкен ғибадатханалық кешен салынады. Ол терассалы, колонналы шешім тауып, оның ең ұтымды тұсы төбесінің пирамида пішінінде аяқталуы болатын. Осылайша Ментухотеп өз заманында екі дәуірдің идеялық, эстетикалық талғамдарын біріктірген тұлға болатын.

Келесі орта патшалық тұсында таққа Хатшепсут патшайым келеді. Жалпы Мысыр тарихында әйел адам таққа отырмаған. Біз бір ғана патшайымды білеміз, ол – Хатшепсут. Күйеуі өлгеннен кейін билікті ешкімге бермей, өзі жалғастырады. Ол жасанды сақал, жасанды парик тағып, ер адамдарша киінеді. Осылайша таққа отырған ол дәл Ментухотеп ғибадатханасының құрылыстық қағидасын ала отырып, өзіндік ғибадатханасын салдырта бастайды. Хатшепсут ғибадатханасы тастан ойып салдыртады. Оның қасбеті тастан тұтастай ойылып, ішкі интерьері жартастың ішіне үңгіп, кіргізіліп салынады. Жоспарында Ментухотеп ғибадатханасына ұқсап терассалы, бірнеше ярусты шешім тапқан. Әр терасса өзара баспалдақтармен жалғасып жатты. Терасса аралық ярус міндетті түрде колонналармен бірікті. Ол колонналардың әрқайсысы Хатшепсут ханшайымның бейнесіндегі мүсіндер түрінде шешім тапқан болатын. Ол мүсіннің әрбіріне Хатшепсут патшайым өлгеннен кейін оның жаны келіп орналасуы мүмкін деп сенген. Бұл ғибадатханаға да жіті мән беріп қарайтын болсақ, әйел адам бейнесін көрмейміз. Мүсіндердің барлығында Хатшепсут өзін ер адам ретінде бейнелейді. Ғибадатханаға кіре берістегі үлкен терассалы жол сфинкстер аллеясымен біріктірілген болатын. Осылайша көркемдеу, безендіру арқылы ол ғимаратқа ерекше көркемдік, салтанаттылық әсерін берген болатын. Орта патшалық тұсы осылайша қаржыны үнемдей отырып, бұрынғы жерлеу культін, фараонды ұлықтау дәстүрін жоғалтпай, дәстүрді жаңашылдықпен байланыстырған ерекше уақыт болды.

Мысыр мәдениеті мен тарихындағы қызықты, ауқымды бір кезең жаңа патшалық уақыты. Жаңа патшалық біртұтас болмады. Ежелгі, ерте, орта патшалық біртұтас болған болса, жаңа патшалықта билікке келген фараондардың идеяларының, көзқарастарының тоғыспауының нәтижесінде ерекше сипат алған болатын. Бұл кезеңде жерлеу құрылыстары азаяды. Өйткені перғауындардың зираттарын, олардың қабірлерін тонау күшейген еді. Сондықтан да перғауындар өздерінің жерленетін жерлерін мейлінше жасырын, астыртын, ешкімге білдіртпей жүргізтін. Жерлеу культі де жасырын жүретін. Патшалар алқабынан тастарды ойып отырып, осындай қабірхана камераларын, зират камераларын салатын, яғни оларға баратын жол, олардың кіреберісі өте құпия ұсталған. Ал, енді керісінше ғибадатхана құрылысы үлкен сұранысқа ие болады. Жаңа патшалық тұсында Фив қаласынан Карнак және Луксор деген екі ғибадатхана салынады. Бұл ғибадатханалар бізге сұр, қоңырқай түсте жетіп, біртүрлі сүреңсіз көрінеді. Алайда өз заманында бұл ғибадатханалар ерекше әсем, көркем, үлкен құрылыс болған болатын. Ғибадатханалардың кіре берісі пилон деген екі мұнарамен ұштасатын. Олар ғимаратқа асқақтық беріп, оның алдында обелиск тұрды. Обелиск – Мысырлықтардың танымында күн сәулесінің белгісі. Оның төрт қыры болатын. Ұшар басында пирамида пішінді детальмен ұштастырылып тоғыстырылатын. Обелисктің төрт жағы да рельефті, мысырлық иероглифтермен көмкеріліп, жазылатын. Сол кезеңдегі патшалықтың тарихы, жетістіктері, перғауын туралы мәліметтер осындай обелисктерде, ғибадатхананың қабырғаларында толық қамтылып отыратын.

Карнак ғибадатханасы мен Луксор ғибадатханасы кейін келе бір-бірімен жалғасып, біртұтасып кетеді. Ең алғашқысында олар бөлек-бөлек салынған жеке дара ғимараттар болатын. Әрбір таққа келген перғауын сол ғибадатханаларға өзіндік үлесін қосу барысында дамытып, кейін келе тұтасып кетуіне алып келеді. Мұндай ғибадатханаларда пилоннан кейін басымдық танытатыны, ішіне кірсек ең бірінші байқайтынымыз өте көп колонна. Колонна, яғни бағанның саны әдетте 130-дан кем болмаған. Бұл тек бір залда. Осындай төбесі ашық үлкен залды гипостильді зал дейміз. Ол тек қана бағандардан тұратын. Егер де ежелгі Мысырдың жаңа патшалық тұсында барып тамашалаған болсақ, түрлі түсті түске көмкерілген, өте тамаша, бір жұмақ бағын елестететін баққа тап болғандай болатын едік. Діңдері ағаш секілді безендіріліп, олардың ұшар басындағы





капительдері Мысыр жерінде өсетін өсімдіктермен байланысты жасалған болатын. Папирус, лотос, пальма тәрізді капительдер осы Мысыр мәдениетінің ғибадатхана салу қағидасында ең маңызды рөл ойнады. Байқап қарасақ, тіреу бағанды жүйенің сәулет өнеріне гректерден емес осы мысырлықтардан келгенін түсінуге болады. Ғибадатханалардың бір ерекшелігі олар кірген кезде биік, алып, үлкен болады, барған сайын кішірейіп, кішірейіп ең соңында жабық, тұйық терезесіз бөлмемен аяқталады. Бұл бөлменің ішінде ғибадатхана қай құдайға арналды, сол құдайдың мүсіні болатын. Неге олар терезесіз? Неліктен іші қараңғы болды? Өйткені Мысыр күн асты елі. Мұнда күн өте ұзаққа созылатын. Сондықтан гипостильдік залдан өтіп, таң тамаша болып, шаршап келген адам, соның ішінде құлшылық жасау барысында рақаттанып отыруы керек еді. Сол рақаттан шыққысы келмей, өзінің құлшылығын ұзақ уақытқа жалғастыруы үшін жағдай жасағандай әсер қалдыратын.

Жаңа патшалық кезеңіндегі ғибадатханалар дәуірі мұнымен бітпейді. Алайда қоғамда, билікте үлкен өзгеріс болды. Таққа Аменхотеп III келді. Ол Мысыр тарихында реформа жасаушы перғауын ретінде танылған болатын. Аменхотеп III-тің реформасы көп құдайшылыққа тыйым салып, тек қана бір құдай культін дамыту болатын. Мысыр экономикасы әжептәуір әлсіреп, оның әлсіреуіне тікелей ықпал етуші діни абыздар болды. Абыздардың жағдайы, хал-ахуалы перғауыннан да асып түсетін. Олар перғауыннан да ауқатты болды. Өйткені ғибадатханаға келетін сый-сияпат, халыққа салынатын алым-салық осы абыздар тарапынан бекітілетін. Сондықтан да халықты осылай жапатармағай тонау, перғауынның культін әлсіретуге қатысты абыздар тарапынан қолданылып жатқан саясатқа тыйым салу мақсатында Аменхотеп көп құдайшылықты тоқтатады. Ол әртүрлі көптеген құдайларға арналған ғибадатханалардың есігіне құлып салып, абыздарын жазалап, олардың халық арасындағы арандатушылық қызметтеріне тосқауыл қояды. Фив қаласы сол дәстүрмен ежелден тамырласып қалған болатын. Сондықтан да өзінің тарихын, өзінің мәдениетінің, өнерінің танымының жаңаша үлгісін тың жерден бастау үшін ол қаланы да астананы да ауыстыруға мәжбүр болады.

Қазіргі уақытта Тель-Амарн деп аталатын қаладан Аменхотеп III Ахетатон қаласын салдырып, өзінің атын Эхнатон деп өзгертіп, әйелін Нефертити деп атайды. Бұның барлығы тек қана бір құдай – күн құдайы Атонға табыну культінен пайда болған болатын. Қала ашық аспан аясында жаңаша сипат алып көрініс тапты. Адамдарды мейлінше шынайы, қалай бар солай бейнелеуге тырысты. Эхнатон керемет сүйкімді адам болмаған. Дене тұрпаты тартымсыздау болған еді. Сондықтан ол өзінің мүсіншілері мен шеберлеріне қазір қалай бар тек солай бейнелеуді ғана талап еткен болатын. Алайда Эхнатонның дәуірі өтіп, оның орнына тоғыз жасар ұлы Тутанхамон келеді. Тутанхамон таққа отырған кезде билік жүргізуге дәрменсіз болатын. Өйткені әлі бала болды. Тутанхамонның орнына билікті баяғы абыздар жалғастырады.

Абыздар бұрынғы культтің барлығын қайта қалпына келтіріп, Ахетатон қаласын қиратып, тек үйіндіге айналдырады. Ал, Атон, Эхнатон, Ахетатон есімдері жазылған барлық иероглифтер мен суреттерді жойып жіберуге тырысқан. Бұл кезде күн домалақ диск және жан-жағынан сәуле шашыраған қолдармен бейнеленген болса, Тутанхамонның таққа келуімен қайтадан дөңгелек диск ретінде бейнелене бастайды. Тутанхамон тақта көп отырмайды, он сегіз жасында қайтыс болады. Алайда фараонды жерлеу культінің сондай бай, ерекше жүретінін Тутанхамонның зиратын анықтап, зерттеу жүргізген археолог Артур Картердің еңбегі арқылы білеміз.

Жаңа патшалық уақыты осындай қым-қиғаш, шым-шытырық, тарихтың үнемі бір жаңаланып, өзгеріске түсіп отыруымен ерекшеленді. Кешеуіл патшалық Рамзес және оның әкесі Сеттің билік құрған кезімен анықталады. Рамзес әскери қолбасшы ретінде өте танымал болды. Өз дәуірінде Мысыр маңайындағы елдерді өзіне бағындырып, біріктірді. Алайда өнерге қосқан үлесі Әбу-Симбел деген жерде ең үлкен екі ғимарат салдыруымен анықталады. Біреуі өзіне, екіншісі әйелі Нефертитиге арналды. Екі ғимарат та таулы жартастан тұтастай кіреберіс беті ойылып салынып, қасбеттегі алып монументалды мүсіндерімен ерекшеленген болатын. Тау ішін үңгіп колонналы бағандарымен ерекшеленетін ғибадатхана бөлмелерін салды. Ішкі бөлмеде Ра, Птах секілді құдайлардың мүсіндері орнатылып, ерекше бір көрініс тапқан еді.